

С.А. Жиренов^{1*} , С.Б. Тореханова² 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: Saken82@mail.ru

АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ОРНИТОНИМДІК КОМПОНЕНТТЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Лингвистикалық зерттеулер арқылы белгілі бір этностың құндылықтар жүйесін құрайтын іргелі компоненттер мен ұғым-түсініктердің рухани кеңістіктегі этномәдени мазмұнын табуға болады. Тілді адаммен, мақлұқатпен (ұшқан құс), әлеммен тығыз байланыста зерттеу антропоцентристік парадигманың басым бағыты саналады. Этностың тарихи мәдениетіндегі ақын-жыраулар поэзиясындағы орнитонимдердің басым қолданысынан әлемнің ұлттық бейнесін түзудегі халықтың тұрмысын, мәдениетін, географиялық жағдайын, салт-дәстүрін көруге болады.

Ақын-жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттердің қолданысынан этноқауымдастық өкілдерінің когнитивтік санасындағы аспан мен жерді жалғаушы құстар әлеміне қатысты мәдени-танымдық қатынасын ғана емес, аналогия, зоология, орнитология, ботаника ілімдерінің халықтық білім мазмұнын да кешенді түрде тануға болады. Жыраулар поэзиясындағы орнитонимдер рухани қазынаның тарихи қатпарындағы құстар әлемінің ұлттық болмысын тілмен сабақтас қарастыратын этномәдени зерттеулерге негіз болады.

Зерттеу материалында ақын-жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттер арнайы нысан ретінде қарастырылып, ұлт мәдениетіндегі орнитонимдердің мәдени-танымдық, тілдік, бағалаушылық, этникалық сипаттары теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты зерделенеді. Ақын-жыраулар поэзиясындағы құстар әлемінің тілдік тұрғыдан бейнеленуі ұлт мәдениетіндегі орнитонимдердің орны, құс атауларының семантикасы, этнографиялық табиғаты, лингвомәдени семантикалық коды лингвистикалық аспектіде қарастырылады. Зерттеу материалындағы орнитонимдік компоненттер ұлттық болмыстың этномәдени сипатын тілдік тұрғыдан тануға деген талпынысқа бағытталады. Мұндай зерттеулер этностық ұжымдық санасындағы қалыптасқан әлемнің бір бөлшегі орнитонимдердің ұлттық-мәдени құндылық екендігін негіздейді.

Тарихи көркем мәтіндердегі орнитонимдік компоненттер тіл иесі этностың «құстар әлемінің тілдік бейнесін» зерттеудің лингвомәдени ұстанымдар негізінде аксиологиялық, символдық, архетиптік, этнографиялық мәнділіктері талданады. Жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттердің тілдік бейнесін зерттеу барысында көптеген лингвомәдени талдау мен компоненттік талдау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылады. Этнос өкілдері табиғаттың әр бөлшегін (орнитонимдерді) жете таныған. Этностың табиғатпен бірлескен мәдениетіндегі үйлесім үдерісінің үлгісі жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттердің қолданысынан бейнелілік, ұғымдық, құндылықтық сипаттары ғылыми тұрғыдан анықталады.

Түйін сөздер: ақын-жырау, көркем мәтін, поэзия, орнитоним, компонент, этнос, руханият, мәдениет.

S.A. Zhirenov^{1*}, S.B. Torekhanova²

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

² Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: Saken82@mail.ru

Ethnocultural representation of ornithonymic components in the poetry of zhyrau poets

Through linguistic research it becomes possible to reveal the ethnocultural content of the fundamental components and concepts that form system of values of the spiritual space of one particular ethnos. The study of language in close connection with man, animals (birds' flight) and the world is considered as dominant direction of the anthropocentric paradigm. The predominant use of ornithonyms in the poetry of zhyrau poets in the historical culture of the ethnos allows us to see the role played by lifestyle, culture, geographical location, traditions of the people in the process of formation of national image of the world.

The study of ornithonymic components used in the poetry of poets-zhyrau allows us to comprehensively learn not only the cultural and cognitive attitude of representatives of ethnic community to the world of birds that connects heaven and earth, but also the content of folk knowledge in the field of analogy, zoology, ornithology and botany. Ornithonyms in the poetry of zhyrauls serve as a basis for ethno-cultural research, which considers the national specificity of the world of birds in the historical layer of spiritual treasury in the relationship with language.

Ornithonymic components in the poetry of zhyrau poets are considered as a special object in the material of the research, and it comprehensively studies cultural-cognitive, linguistic, evaluative and ethnic features of ornithonyms in the national culture from the theoretical and practical point of view. The linguistic representation of the world of birds in the poetry of zhyrau poets, place of ornithonyms in the national culture, semantics of bird names, their ethnographic nature, linguocultural semantic code are considered from the linguistic point of view. Studying of ornithonymic components of the research material is aimed at an attempt to understand the ethnocultural nature of national identity from a linguistic point of view. Such studies substantiate the fact that ornithonyms are a national-cultural value, a part of the world formed in the collective consciousness of an ethnos.

The axiological, symbolic, archetypal and ethnographic significance of ornithonymic components in historical-artistic texts is analysed on the basis of linguocultural principles of studying the 'linguistic image of the bird world' of the native speaker's ethnos. Many methods of linguocultural analysis and component analysis are widely used in studying linguistic representation of ornithonymic components in zhyraus' poetry. The representatives of the ethnos were familiar with all parts of nature (ornithonyms). The figurative, semantic and value characteristics of using ornithonymic components in zhyraus' poetry as a model of the process of harmonisation of ethnos culture with nature are scientifically determined.

Keywords: zhyrau poets, artistic text, poetry, ornithonym, component, ethnicity, spirituality, culture.

С.А. Жиренов^{1*}, С.Б. Тореханова²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет имени ал-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: Saken82@mail.ru

Этнокультурная репрезентация орнитонимических компонентов в поэзии поэтов-жырау

Посредством лингвистических исследований становится возможным раскрыть этнокультурное содержание фундаментальных компонентов и понятий, составляющих систему ценностей духовного пространства одного конкретно взятого этноса. Доминирующим направлением антропоцентрической парадигмы считается изучение языка в тесной связи с человеком, животными (полетом птиц) и миром. Преимущественное использование орнитонимов в поэзии поэтов-жырау в исторической культуре этноса позволяет увидеть роль, которую играет быт, культура, географическое положение, традиции народа в процессе формирования национального образа мира.

Изучение орнитонимических компонентов, использованных в поэзии поэтов-жырау позволяет комплексно познать не только культурно-когнитивное отношение представителей этнической общности к миру птиц, связывающему небо и землю, но и содержание народных знаний в сфере аналогии, зоологии, орнитологии и ботаники. Орнитонимы в поэзии жыраулов служат основой для этнокультурных исследований, рассматривающих национальную специфику мира птиц в историческом пласте духовной сокровищницы во взаимосвязи с языком.

Орнитонимические компоненты в поэзии поэтов-жырау рассматриваются в качестве специального объекта в материале исследования, и в нем всестороннее изучаются культурно-когнитивные, лингвистические, оценочные и этнические особенности орнитонимов в национальной культуре с теоретической и практической точки зрения. С лингвистической точки зрения рассматриваются языковая репрезентация мира птиц в поэзии поэтов-жырау, место орнитонимов в национальной культуре, семантика наименований птиц, их этнографическая природа, лингвокультурный семантический код.

Изучение орнитонимических компонентов материала исследования направлены на попытку познания этнокультурной природы национальной идентичности с лингвистической точки зрения. Подобные исследования обосновывают тот факт, что орнитонимы являются национально-культурной ценностью, частью мира, сформированного в коллективном сознании этноса.

Аксиологическая, символическая, архетипическая и этнографическая значимость орнитонимических компонентов в историко-художественных текстах анализируются на основе лингвокультурологических принципов изучения «языкового образа мира птиц» этноса-носителя языка. При изучении языковой репрезентации орнитонимических компонентов в поэзии жырауов широко используются многие методы лингвокультурологического анализа и компонентного анализа. Представителям этноса были хорошо знакомы все части природы (орнитонимы). Научно

определены образно-смысловые и ценностные характеристики использования орнитонимических компонентов в поэзии жырауов в качестве модели процесса гармонизации культуры этноса с природой.

Ключевые слова: поэты-жырау, художественный текст, поэзия, орнитоним, компонент, этническая принадлежность, духовность, культура.

Кіріспе

Белгілі бір ұлт тіліндегі аксиологиялық мәндегі категориялар мен ұғымдар этностың рухани болмысына қатысты тілдік ақпараттарды береді. Этностың мәдени тұрмыстық өміріндегі затдеректер тілдік деректермен көмкеріледі. Тілдік деректер жекелеген лексикалық бірліктердің өзара грамматикалық және коммуникативтік қатынасқа түсуінің нәтижесінде мәтін құрылымын түзеді. Ал тілдік мәтіндер белгілі бір тақырыпқа, өзіндік ой мен идеяға, сюжет пен композицияға негізделіп, коммуникативтік, мәдени-танымдық мазмұнға ие болады. Антропоцентристік парадигмаға бағытталған зерттеулерде тілді адаммен, когнитивизммен, этнологиямен, аксиологиямен сабақтастықта зерттеу бүгінгі күннің басты мәселелері саналады. Ғаламның ұлттық бейнесін қалыптастыруда көптеген этностың ділдік (менталитет), географиялық, климаттық, этнографиялық, теологиялық, зоологиялық, т.б. көптеген маңызды категориялар функционалды қызмет атқаратындығын көруге болады. «Сөз өнері дертпен тең» – деп санайтын этнос дүниетанымындағы поэзияға деген көзқарасы, өнер атаулының төресі саналған. Көшпенді мәдениет өкілдерінің «өлең сөзге» деген түсінігі ең биік сатыда тұрған, баламасыз өнер саналады. Ал «өлең сөз» ақиқат өмірден алынады. Далалық мәдениеттің бар бітімін игерген этнос өкілдері аспан мен жердің дәнекері құстар әлемінің бар болмысын ғылыми-танымдық және халықтық білім тұрғысынан жетік меңгергендігін өлең сөзге қосып, көркем поэзиялық мәтіндерге арқау еткен. Осымен байланысты поэзиялық мәтіндердегі орнитонимдік бірліктердің қолданыс аясын лингвистикалық аспектіде қарастыру арқылы, этнос өкілдері жаратылыстың тылсым сыры мен табиғаттың әр бөлшегін жетік меңгергендігін көрсетеді. Этнос мәдениетінде өлең – өнер ғана емес, ғылым да саналады. Өлеңге парасат өлшемінен өткен ұғым-түсініктер мен атаулар ғана қолданылған. Өлең мәтіндеріне арқау болған бірліктерге орнитонимдер жатады. Қазақ тілінде орнитонимдік бірліктер арқылы жасалған поэзиялық туындылар жиі кездеседі. Этностың орнитонимдерді тануға деген талпынысы тілдік

бірліктерден өзіндік орын алады. Тілдік бірліктердің жоғарғы сатысы көркем мәтін. Көркем мәтін көркемдік ойдан туады.

Тіл біліміндегі мәтін – сөздердің тізбегі мен иерархиялық өзара қатынасынан тұратын, коммуникативтік үдерістің нәтижесі. Мәтін – тілдік бірліктердің жиынтығынан тұратын күрделі категория. Тілдегі мәтін түзіліміндегі тілдік бірліктердің қызметін анықтау бүгінгі таңда өзекті мәселе саналады. Мәтін – белгілі бір тақырыпқа, өзіндік идеяға, мазмұндық құрылымға, мағыналық өріске, өзіндік ой жүлгесіне қала берді философиялық мәнділікке негізделеді.

Функционалды стильдік қолданысына қарай мәтін мазмұны да өзара бір бірінен ерекшеленеді. Осындай мәтіндердің ішіндегі поэтикалық көркем мәтіндер – поэтикалық образға, көркем бейнеге, доминатты ұғымға, концептілік сипатқа, тірек компонентке, лейтмотивтік әуенге, автор бейнесіне, баяндау түріне, кейіпкер тіліне, идеялық қазыққа негізделеді. Біз бұл жерде поэзиялық мәтінді негізгі нысан ретінде арнайы қарастырамыз. Поэзиялық мәтін басқа жанрдағы мәтіндерге қарағанда құрылымы мен мазмұны, идеясы мен сюжеті, баяндау тәсілдері мен сөз қолданысы жағынан лингвистикалық табиғаты бөлек жанр. «Көркем мәтіннің де, жанр тұрғысынан қарастырғанда поэзияның да, коммуникативтік ұғымның ғылыми, ресми мәтіндерге қарағанда аясы кең болады. Олай болатын себебі, көркем прозалық шығармадағы, поэзиядағы шындық болмыстың тікелей емес белгілі бір дәрежеде автор-субъектінің қиялынан өтіп, ойынан сүзіліп барып бейнеленуі шындықты тура, кәдімгі жағдайда хабарлаудан гөрі күрделенеді, өйткені объективті шындық болмысқа субъективтік көзқарасы бар автор-субъект немесе автор-субъектінің өзіндік көзқарасы араласады. Сондықтан көркем шығармалардағы астарлы ой («подтекст») оның мазмұнын ашуда кәдімгідей, дұрысында, айтарлықтай рөл атқарады» (Әнес, 2010: 32).

Поэзиялық мәтін – ақынның рухани шығармашылығына қатысты болады. Ал ақын туындысы ақындық шабыт пен шығармашылық қуатқа, көркем образға негізделеді. Поэзиялық мәтін-

нің иесі ақын яки автор. Мұндағы авторлардың туындылары түрлі парадигматикалық және синтагматикалық қатынастарға сәйкес тақырыптық атауы, сөз қолданыстары мен мотиві белгілі бір нысанға негізделеді. Қазақ тіліндегі поэзиялық көркем мәтіндердің біршама бөлігі құстар әлеміне (орнитонимдер) тікелей бағытталады. Поэзиялық мәтіндердің туындауына орнитонимдердің қатысуы ұлт мәдениеті мен дүниетанымының ерекшелігіне байланысты туындайды. Этнос мәдениетінде құстардың орны қаншалықты ерекше болса, сол ерекшелік ұлт руханиятының поэзиялық мәтіндерінен орын алғандығынан анық көрінеді. Яғни, «мәтін шындықты көрсетіп қана қоймай ол туралы хабарлайды. Мәтіннің семантикасы номинативті және коммуникативті компоненттерді қарастырады» (Мырзабек, Мамбетова, 2023:56).

Поэзиялық мәтіндердегі орнитонимдер мәтін түзуші тірек элементтер саналады. Орнитонимдердің мәтін түзуге қатысуы тарихи кезеңдерде де қазіргі кезеңде де актив сипатқа ие. Поэзиялық мәтіндердегі орнитонимдік компоненттер ойды жеткізуші элементтің қызметін атқарады. Орнитонимдік компоненттер өмірдегі ақиқат әлемнің реалды бөлшегі болса, мәтін тудырушы автор объект орнитонимді өзіндік ұстанымы мен көзқарасына қарай мәтінде суреттейді. Поэзиялық мәтіндердегі орнитонимдердің қолданысы «Адам-Табиғат-Қоғам» аралығындағы сабақтастықтың тілдегі көрсеткіші саналатындықтан, орнитонимдік мәтіндерді тану мен тілдік талдау жасаудағы «тіл әлеміндегі этностың поэтикалық бейнесін» көрсету жұмыстың өзектілігін айқындай түседі.

Материалдар мен әдістер

Қазақ поэзиясында құстар әлемі арқау болған поэтикалық туындылар көптеп кездеседі. Құстар мен құс атаулары тірек болған поэзиялық туындылардың өзіндік хронологиялық дәстүрлі жолы қалыптасқан. Құс атаулары фольклорлық, эпостық, лиро-эпостық, жыраулар поэзиясынан бастап, зар заман ақындары, одан кейін Абайға дейінгі және Абайдан кейінгі, кеңестік кезеңдегі, бүгінгі классикалық қазақ поэзиясында әртүрлі жағдайда қалыпты түрде кездесіп отырады. Осындай хронологиялық тұрғыдан қарағанда поэзиялық мәтіндердегі орнитонимдердің өзін ауыз әдебиетіндегі орнитонимдер, эпостық шығармалардағы орнитонимдер, халық өлеңдеріндегі орнитонимдер, жыраулар поэзиясында-

ғы орнитонимдер, жекелеген ақындар шығармашылығындағы орнитонимдік компоненттер деген жіктерге шартты түрде бөліп қарастыруға болады.

Қазақ поэзиясымен құс атаулары өзара егіз ұғым. Оған дәлел ретінде қазақ поэзиясында «жыр аққуы», «орнитолог ақын», «анималист жазушы», «ақиық ақын» «поэзия бұлбұлы», «жыр кептері», «жырдың көгі», «тандайында өлеңнің ұясы бар», «көмейіне бұлбұл ұя салған» секілді көптеген айқындауыш ұғымдардың қалыптасуы, құстар әлемімен өзара тікелей сабақтастықтан туындаған. Қазақ поэзиясындағы ақындар өздеріне құс атауларын бүркеншек есім ретінде де (аққу, лашын, қарлығаш, сұңқар, т.б.) тандап алуы құстармен етене жақындықтың белгісін көрсетеді. Ж.Аймұхамбетова: «өлең туралы аңыз әңгімелерде, мифтерде оны құс түрінде бейнелеу көп ұшырасады. Қалыптасқан таным-түсініктерде адам кеудесіндегі «аманат жан» метафорасы да құс (кейде шыбын жан) болып кейіптеледі. Өлең мен қауырсын қалам туыстығының мифтік негізі осында жатса керек. Халықтық ұғымда өлең ақынға қонады. Яғни ұшу мен қону құсқа тән әрекет болса, өлеңге де осы қалып телінген» дей келе Кемпірбай ақынның Әсетпен қоштасу сөзіндегі «Кеудемнен көкала үйрек «қош» деп ұшты, Сол шіркін көрі жолдас өлең білем» – деген жыр жолдарындағы «көк ала үйректің» мифтік және мистикалық болмысына талдау жасайды (Аймұхамбетова, 2008: 53). «Көк ала үйректің» өлең болып қонуы мен ұшуы адам бойына берілетін ерекше бір культтық яки мистикалық сипатқа ие индивидуальды сапа. Ол әрине ақындық қасиет. Ақындық дербес индивидуальды сапаға ие. Зерттеу насынына сәйкес ақындық өлең тудырумен ерекшеленетін сапалық көрсеткіш. Өлең – интеллектуалдық яки ақындық шығармашылықтың жемісі. Өлеңді поэзия десек, «поэзия – ерекше ойлау түріне» жатады (Потебня, 2012). Ақындық ойлауға орнитонимдер жайдан-жай арқау болмайды. Орнитонимдер адам өмірінің ажырамас бөлігі. Көк иесі (құстар) мен жер иесі (адамдар) біртұтас әлемде өмір сүреді. Олардың өзара қатынасы тілден яки поэзиядан көрінеді.

Қазақ поэзиясындағы құстар тақырыбы мен қолданысының ауқымдылығына қарай, жыраулар поэзиясын (бес ғасырды) бір бөлек бөліп алып қарастыруды қажет етеді. Алайда жыраулар поэзиясындағы орнитонимдер қолданысы мен мағыналық-мазмұны жағынан бір-біріне жақын болып келеді. Бұл мәселеге қатысты Қ.Ө-

мірәлиев: Қазақ поэзиясындағы бұл топтағы мұралар бір ғана ортақ мазмұнға – дидактикалық-философиялық мазмұнға құрылған. Және олар өзара өте жақын санаулы ғана тілдік формада туған. ХҮ ғасырда өмір сүрген ақын-жырау да, ХҮІІІ не ХІХ ғасырларда өмір сүрген ақын-жырау да шешендік сөз, шешендік толғау өлеңдерін бір ғана мотивте шығарып отырған. Сөйтіп бір дәуірде өмір сүрген ақын-жыраулардың мұралары әрі мазмұн, әрі форма жағынан бір-біріне өте жақын болған, форма қуалаушылық, мазмұн қуалаушылық қазақ поэзиясында ортақ мотивті өлеңдердің тұтас желісін жасаған» – деген тұжырымнан, белгілі бір атауға қатысты ұғым-түсініктердің ортақтығы қазақ поэзиясындағы дәстүрлі үлгі екендігін көрсетеді (Өмірәлиев, 2014:29).

Ақын-жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттерге қатысты тілдік материалдар «Бес ғасыр жырлайды» 2 томдық (1989), М.Мағауиннің «Қобыз сарыны». (2006), М.Мағауиннің «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» (1992), «Ай, заман-ай, заман-ай» (2018.), Бабалар сөзі. 100 томдық. 5 том. (2015) секілді әдеби мұралар мен еңбектерден алынды. Орнитонимдік бірліктерге қатысты үлкінді-кішілі еңбектердегі тілдік материалдардан этностың құстарға деген қызығушылығы мен суреттеулері құстардың болмысына, мінезіне, кескініне, табиғатына қатысты бейнелеулерден тұрады.

Ақын-жыраулар поэзиясындағы орнитонимдердің қолданысы әрбір ақындар мен жырауларда әркелкі кездеседі. Кейбір жыраулар поэзиясында орнитонимдер сирек кездесе, енді бірінде жиі (Бұқар жырауда) кездеседі. Ал кейбіреуінде мүлде кездеспейді. Бұларға қатысты нақты деректер талқылаулар мен нәтижелер бөліміндегі талдаулардан көруге болады. Ал мұндай қолданыс жиілігіндегі ерекшеліктердің өзіндік бірнеше факторының (географиялық, климаттық, дүниетанымдық, ділдік, мәдени, діни, ғұрыптық, т.б.) барлығын байқауға болады. Жыраулар поэзиясынан жинақталған көркем мәтіндердегі материалдарға кешенді түрде іргелі лингвистикалық сараптама жасауға талпыныс жасалды. Жалпы құстар жайлы қазақ әдебиеті мен тарихында, этнографиясы мен мәдениетінде тілдік деректер мен көркем мәтіндер өзіндік орын алады. Сондықтан бұл зерттеу жұмысындағы орнитонимдік бірліктерге ірілі-ұсақты көркем мәтіндер, әралуан жыр-толғаулардың бәрін саралай отырып топтастырулар жасалып, олардың бейнелеушілік, бағалаушылық, құндылық-

тық сипаттары сарапталды.

Ақын-жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттерді зерттеудің нысаны мен мақсат-міндеттеріне қарай объективті-аналитикалық, тарихи-салыстырмалы, кешенді-жүйелі талдау әдістері пайдаланылды. Тарихи-нақтылық пен тарихи-тілдік саралау, диахрондық-синхрондық сипаттау, топтау әдістерімен қатар, компоненттік, контекстік, этнолингвистикалық, қорыту секілді талдау әдістері басшылыққа алынды. Сол арқылы ақын-жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттердің этнос мәдениетіндегі орны мен лингвомәдени болмысына тілдік тұрғыдан баға беру, мәдени мазмұнын сипаттау арқылы этноқауымдастық өкілдерінің когнитивтік санасындағы тілдік бейнесін көрсету көзделеді.

Әдебиеттерге шолу

Поэзиялық мәтіндер филология ғылымында тарихи, теориялық, лингвостилистикалық, сыни тұрғыдан біршама зерттелген. З.Ахметовтің «Өлең сөздің теориясы», «Қазақ өлеңінің құрылысы», З.Қабдоловтың «Сөз өнері», Қ.Өмірәлиевтің «ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі», «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі», Р.Сыздықтың «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі», М.Қаратаевтың «Эпостан эпопеяға», М.Серғалиевтің «Көркем әдебиет тілі», «Сөз сарасы», З.Серікқалиевтің «Сын кітабы», «Алтын жамбы», Р.Нұрғалидың «Сөз эстетикасы», С.Әшімбаевтың «Талантқа тағзым», «Парасатқа күштарлық», Қ.Ергөбектің «Өлеңсөз», Б.Шалабайдың «Көркем мәтінге лингвистикалық талдау», «Текст синтаксисі», Б.Майтановтың «Сөз сыны», К.Ахметовтың «Әдебиеттану әліппесі», Ж.Глеповтың «Қазақ поэзиясының тарихилығы», Г.Әзімжанованың «Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті», Г.Смағұлованың «Көркем мәтін лингвистикасы», Ф.Әнестің «Мәтін кеңістігі: семантикалық, этимологиялық аспект», т.б. секілді зерттеулерде көркем мәтін мәселесі әралуан аспектіде қарастырылған. Поэзиялық мәтіннің табиғатын тануға деген талпыныс ықылым замандардан бастап (Аристотель, Платон, әл-Фараби), күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін арттыра түсуімен ерекшеленетін жасампаз жанр.

Көркем мәтіндердегі орнитонимдік бірліктерге қатысты Ә.Х.Марғұланнның «Саят құстары және олардың жаратылыстағы ерекшеліктері» мақаласынан, «Қазақтың этнографиялық катего-

риялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» бес томдық энциклопедиялық сөздіктерден, Е.Раушановтың «Құстар біздің досымыз» атты танымдық зерттеулерден, А.Алтайдың «Анималист жазушы немесе аң-құстың тілін білген...» секілді публицистикалық материалдардан құстардың табиғатына қатысты тілдік деректер мен зерттеу материалдары жұмыстың базалық аппаратының қалыптасуына пайдаланылды.

Құстар қаншалықты табиғаттың бір бөлшегі ретінде өзіндік орны бар мақұлқат әлемі саналса, соншалықты тілден, тілдік деректерден өзіндік орын алатын лексикалық бірлік саналады. Құстар туралы көркем әдебиеттерде әралуан жанрда жазылған шығармалар көптеп саналады. Соның ішінде поэзиялық жанрда орнитонимдік компоненттер тақырыптық, идеялық, сюжеттік, композициялық, оқиғалық, мистикалық, мифтік, эпсаналық тұрғыдан өлең-жырға арқау болып, көркем туынды ретінде көптеп кездеседі. Ал осындай орнитонимдік компоненттердің этномәдени мәнін лингвистикалық аспектіде зерттеу этнос пен табиғаттың арасындағы табиғи қатынасты тілдік тұрғыдан қарастыру тіл мен табиғаттың тұтастығын көрсетуге бағытталады.

Нәтижелер мен талқылау

Тіл – этностың бар болмысын белгілейтін таңбалық жүйе десек, соның нәтижесінде қалыптасқан тілдік мәтіндердің прагматикалық қызметі терең зерттеулерді қажет етеді. Адам баласы айнала қоршаған ортадағы материалдық әлемді игеру арқылы, құстар әлемінің болмысын да таниды. Этнос мәдениетіндегі құстар әлемі – заттық әлемнің бір бөлігі. Құстар адамның күнделікті тұрмысындағы қорегі, киімі, көрпе-жастығы, дәрі-дәрмегі, зергерлік бұйымы, этнографиялық заттары ретінде қолданылады. Этностың тұрмыстық өмірінде құстардың адам баласымен етене жақындығына олардың бейнелеуіштік, қолданыстық белгілеріне қарай негізделген. Оның тілдік көрінісі құс атаулары мен оларға қатысты қалыптасқан мәдени-коннотациялық тілдік бірліктерден көрінеді. Сондықтан да поэзиялық мәтіндердегі орнитонимдердің қолданысындағы сөз мағынасы, бейнелі ойлау мен орнитонимдердің қолданыс жиілігі, астарлы мағынасы, символдық-символикалық сипаты, шендестірілуі, поэтикалық образға енуі сияқты мәселелерді лингвистикалық аспектіде қарастыру маңызды мәселелер санатына жатады. Орни-

тоним құс атауларының жиынтығы ретінде қолданылатын сөз. Ал, «сөз – көркем шығарманың барлық қасиетіне ие» (Потебня, 2012).

Поэзиялық мәтіндердегі орнитонимдер оқырман мен тыңдаушыға әсері күшті тілдік бірлік. Поэзиялық мәтіндердегі орнитонимдер белгілі бір субъектіге бағыттталып, өзіндік мазмұн мен мағынаға негізделіп, адамның интеллектуалдық жан әлеміне әсер етуімен ерекшеленеді. Көркем мәтіндердегі орнитонимдік компоненттер арқау болған туындыларда автордың тілдік тұлғасы басымдыққа ие болып, мәтін талдауда үнемі назарда болады.

Құс атаулары арқылы жасалған поэзиялық жанрдағы көркем мәтіндердің бастауын халық ауыз әдебиеті немесе фольклорлық туындылардан алады. Ауыз әдебиеті үлгілеріндегі жұмбақтарда құстардың түрлерін өлең мәтінімен жұмбақтап беру әдісі жиі кездеседі. Мәселен:

Қырық қылыш, найзалы қай жануар,
Асынған және он екі қанжары бар.
Көңіл жер мен көктің арасында,
Жігіттер, мұны байқап аңғарындар.
Болады бұған әуес көп адамзат,
Шежіре көкірегі жазылған хат.
Қолына шынжыр арқан ұстап жүріп,
Астына мініп отыр алтыннан тақ.
Басында құрулы түр алтын шатыр,
Ғайыптан қызығы бар бұл бір батыр.
Барғанын тіпті аман жібермейді,
Адамзатсыз болмайды әуел ақыр.

(Жауабы: Бүркіт, қырық қылыш – жиырмадан екі қанаты, он екі қанжар – он екі тал ұзын құйрығы, сегіз найза – тұяқтары, шынжыр арқан – аяқ бауы, алтыннан тақ – тұғыры, алтын шатыр – томағасы). Өлеңмен өрілген жұмбақ – этнос мәдениетіндегі сөз өнерінің, логика ілімінің, астарлы ойдың, суретті сөздің көрсеткіші. Бүркіттің тұлға бойындағы қанаты қылышқа, құйрығы қанжарға, аяқ бауы шынжыр арқанға, адам баласының оған деген ерекше әуестігі, тұғыры алтын таққа, томағасы алтын шатырға теңестіріліп, сөзбен суреттеліп, ой жұмбақ ретінде көркем мәтін арқылы берілуі заттық бейнені сөзбен танудың этномәдени үлгісін көрсетеді. Құстың атауын жұмбақтап, өлеңмен өрнектеп беруден басталған өлең үлгілері классикалық поэзияға дейінгі аралықта өлең иірімі, сөз қолданысы, типтендіру жолдары, мотиві, лейтмотиві, сюжеті, композициясылық дамуы арқылы, тұтастай орнитонимдік өлең үлгілері дейтін класси-

фикацияны қалыптастыратындығын байқауға болады. Жұмбақпен берілген көркем мәтінде этностың ұжымдық санасындағы ойлау мәнері, жұмбақты жасырудағы ұлттық ерекшелігі, жұмбаққа негіз болған құстардың болмысы, жұмбақтың шешіміндегі құстардың анатомиясы этномәдени түсініктер негізінде қалыптасқан.

Ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетін ертегілердегі «Қарға баласын аппағым дер», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр болды?», «Тотыдайын таранған, сұңқардайын сыланған», т.б. – деген мәтіндерде, Қыз-Жібек жырындағы Төлегеннің «Алты қазбен қоштасуы», Ертөстік жырындағы «Алып қара құс немесе самұрық құстар» поэзиялық мәтіндер арқылы бейнеленген. Осындай фольклорлық туындылардағы орнитонимдік компоненттер өзінен кейінгі ақын-жыраулар поэзиясындағы құстар әлемінің тілдік бейнесінің қалыптасуына өзіндік ықпал еткендегін байқауға болады. Ақын-жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттер арқылы жасалуының дәстүрлі-мәдени тарихи жолы болғандығын көрсетеді. Бұл дегеніміз қазақ халқы тұрмыстық мәдениетінде тек төрт түлік малды ғана өлең-жырға қоспай, аспан әлемінің жаршысы құстармен де етене жақын болғандығы көркем мәтіндерден көптеп кездесетіндігін көруге болады.

Жыраулар поэзиясында орнитонимдік компоненттер қатысқан мәтіндерде ойды астарлау, сөзбен түспалдау, өзара үқсату яки салыстыру, бір зат пен екінші затты құстар болмысымен теңестіру үлгілері ең жиі кездесетін тілдік амал-тәсілдерге жатады. Ақын-жыраулар поэзиясында орнитонимдік компоненттер әртүрлі мағыналық мазмұнда қолданылады. Жыраулық кезең поэзиясындағы орнитонимдік компоненттер құстардың дербес табиғи ерекшелігіне қатысты прагматикалық сипатқа ие болады. Жыраулар поэзиясындағы орнитонимдер құстардың дербес қасиетіне қарай және этностың дүниетанымындағы құстар туралы танымдық түсінігіне сәйкес жақсы/жаман, мықты/әлсіз, батыл/қорқақ, сенімді/сенімсіз (сатқын), көрікті/көріксіз, пайдалы/пайдасыз секілді категорияларды бедерлейді. Ақын-жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттер қатысқан мәтіндердің ішкі идеялық мазмұнында *бүркіт*, *сұңқар*, *лашын*, *түйғын*, *қаршыға*, *қаз*, *аққу*, *бұлбұл*, *қызғыш* секілді құстардың табиғи болмысын алға тарта отырып, батылдыққа үндеу, ерлікті дәріптеу, қырағылық пен өткірлік, адалдық, тазалық секілді адами-моралдық категорияларды дидакти-

калық-философиялық үлгіде ойтолғамға айналдырады. «Адамды сипаттау үшін қолданылатын зоонимдік компоненттері бар фразеологиялық бірліктер – тіл арқылы халықтардың мәдени ерекшеліктері мен менталитетін қалай бейнелейтінін түсінуге ғана емес, сонымен қатар адам табиғатын сипаттаудың алуан түрлі тәсілдерін ашуға мүмкін беретін қызықты лингвистикалық құбылыс» (Халым, Смағұлова, Байсыдық, 2024: 72). Демек, құс атауларының қатысуы арқылы кейіпкерлерді даралау, мінездеу, оқиғалардың деректілік шындығы мен ойдан қосу тұтастығын үйлестіру үлгісі орнитонимдік компоненттердің контекстік семантикасына негізделеді.

Орнитонимдік қолданыстар жыраулар поэзиясында әралуан сипатта қолданылады. Жыраулар туындыларында орнитонимдік бірліктердің қолданыс жиілігі әрқелкі жағдайда кездеседі. Жыраулар поэзиясындағы құс атаулары мен түрлері сол заманның тұрмыстық мәдениеті мен рухани әлемінің көрсеткіші саналады. Жыраулар поэзиясы қазақ руханиятында «хандық дәуір әдебиеті», «көшпелі кезең», «жаугершілік заман» секілді ұғым-түсініктермен ассоциацияланады. Жыраулық кезең көшпелі мәдениетімен (табиғатпен етене жақындық), далалық заңдылықтармен (дала демократиясы), жаугершілік жағдаяттармен (саяси оқиғалар), мал шаруашылығымен (мәдени тұрмыс), сән салтанатымен (құсбегілік пен саятшылық кәсібі), хандық биліктің (мемлекеттік басқару) салтанат құруымен ерекшеленеді.

Жыраулар поэзиясында «бүркіт», «сұңқар», «лашын», «қаршыға» секілді саятшы құстар немесе жыртқыш құстар атауының белсенділігі жоғары. Жыраулық кезеңде жыртқыш құстарды саятшылық үшін, сән-салтанат үшін, арнайы кәсіп үшін ұстайтын болған. Мұндағы жыртқыш құстардың – «жыртқыштық өмір сүру дағдысы оларды өзара біріктіреді. Негізінде олар күндіз белсенді өмір сүреді, жемін аулайлайтын жыртқыш құстар онша көп емес. Моногамиялы, яғни жұбы бірнеше жылдар бойы тұрақты болады, алайда көбінесе жылма-жыл көбеймейді. Балапандары жұмыртқадан жарып шыққанда мамықтанып, көзі ашық болады да, ата-енесінің қамқорлығын қажет етеді. Жыртқыш құстар отрядына – құмайлар, балықшы түйғындар, қаршығалар, хатшықұстар және сұңқар тұқымдас-тары жатады» (Ковшарь, 2010).

Жыртқыш құстар саятшы құстар деп те саналады. Адамзат баласы жыртқыш құстардың табиғи ерекшелігін ескере отырып, оларды қолға

үйретіп, саятшылыққа пайдаланған. Саятшылық әр елде бар өнер немесе кәсіп. Бірақ әрбір ұлт саятшылық үшін құстарды таңдаудағы ерекшеліктері мен оларды қолға үйретудегі мәдени дәстүрі бөлек. Ал осы жердегі саятшы құстар – «уақытты көңілді өткізу үшін пайдаланатын құстар. Саятшы құстарды адамдар кеңінен аулайды. Саятшылық құстары тобына 260-тан астам құс түрі кіреді. Саятшылық құстарының көпшілігінің денесі ірі, түмсығы қатты, сирақтары балғадай күшті боп келеді» (Жануарлар, құстар, жәндіктер, 2022). Саятшы құстардың бойындағы батылдық, өткірлік, мықтылық секілді ерекше қасиеттері адам бойындағы сапалық қасиеттермен өзара салыстырылып, құсты адамға, адамды құсқа ұқсату үлгілері қалыптасқан.

Жыраулар поэзиясындағы жыртқыш құстардың (бүркіт, сұңқар, лашын, қаршыға) қолданысынан коннотациялық мәнінің басымдығы көрінеді. Мысалы: «*Қаршығасы қаз іліп, Не десе де жарасар*» (Асан қайғы) – деген жыр жолдарында қаршығаны қазға салу өнерінің болғандығын көрсетеді. «Қаршыға» қаз-үйрекке түсетін саят құстарына жатады. Қаршыға қолға үйретуге келетін, қаз-үйрек, дуадақ секілді құстар мен қоян, тышқан секілді кішкене хайуанаттарға түсетін саят құсы. Этностың мәдени тұрмысында қаршығаны қолға үйретіп, сән-салтанат, аңшылық, кәсіп ретінде ұстау кеңінен тараған. Қаршығаның сыртқы түрпаты шағын болғанымен қимылы өте ширақ, көзі өткір, самдағай құс саналады. Ел ішіндегі құсбегілер «қаршыға – құстың ұрысы» деп те атайды. Бұл тіркес қаршығаның шалт қимылы, жемтігін жылдам тауып жейтіндігі, адуынды мінезіне қарата қолданылады. Тілдегі «фразеологиялық бірліктер астарындағы мәдени кодты түсіну мен қарым-қатынасты қалыптастыру үшін тіл мен мәдениеттің бірлестігін көрсететін когнитивтік білімнің маңызды аспектісін білдіреді» (Amirbekova, Talgatqyzy т.б., 2024: 71). Ұлт мәдениетіндегі қаршығаның бойындағы қырағылықты этноқауымдастық өкілдері жазбай танып, қаршығаның қасиетін адамға телу, адамнан қаршығадай қырағылықты байқау немесе күтуі «Қаршыға» есімді антропонимдерді де қалыптастырған.

Жыраулар поэзиясында сұңқардың күштілігі мен бүркіттің батыллығы туралы жыр-толғаулар жиі кездеседі. «*Көк қоянның қос құлағын тұндырған, Көгілдірдің жез қанатын сындырған, Тегеурінді болат темірдің, Тегеуріні өзіңсің! Айдынды көлге қал шауып, тоғызын соғып ұшырған, Қу сұлтаны саһарсың! Саһарыңды саулап*

қаусырған, Боз сұңқарым өзіңсің! ...Соқса бір қурай сындырмас, Құладың жаман қу алмас, Құладың құдың теңі түгіл-ді, – Тебіренсе ауыр жұртын тындырмас, Тебір жаман жұрттың теңі түгіл-ді, Тіленшіұғлы Шалкиіз» (Шалкиіз жырау) – деген жыр-толғауда көгілдірдің жез қанатын сындыратын, тегеуріні мықты болаттай күшті сұңқардың қайраты бейнеленіп, құладынан сұңқардың мықтылығы жырға арқау болғанымен тура мағынасында емес, сұңқардың табиғатындағы мықтылық символдық мәнге ие болып, сұлтанның образын (Битемір) сомдауға пайдаланылады. Этнос мәдениетіндегі құс бейнесі арқылы адам болмысын астарлап символикалық мәнде суреттеу үлгісі кеңінен тараған. Жыраулар поэзиясында бүркіт, сұңқар секілді тегеуріні күшті жыртқыш құстарды адам орнына алмастырып қолдану ең өнімді әдістірдің бірінен саналады. Бүркіт пен сұңқарға тән қырағылық, өткірлік, батылдық, дегдарлық, өжеттік, қайсарлық секілді дала заңы қажет ететін категорияларды адамға теңеу арқылы құстың бойындағы табиғи бұла күшті өзі суреттеген субъектіге қатыстыру құс пен адамның өзара ұқсастығына негізделеді. Жоғарыдағы мәтін мазмұнындағы құладың мен аққу тура және ауыспалы мағынада жұмсалып, құстар өмірінің адам өмірімен өзара ұштасатындығы этномәдениетке тән өлең сөзбен беріледі.

Жыраулар поэзиясында бүркіт атауы мен бүркіт образына қатысты тілдік материалдар жиі кездеседі. Бүркіт этнос мәдениеті мен дүниетанымына ең жақын құс. Сондықтан да бүркітке қатысты жыр жолдарындағы суреттеулер мен образды өрнектердің қолданысы басым. «Бүркітті қазақ халқы ерекше қастерлейді. Бүркіт көшпенділер үшін көк тәңірісі ретінде танылып, қасиетті құс болып есептеледі. Қазақ бүркіттің тұяғына дейін қасиет тұтып, оны үйдің төріне не бесігіне іліп қойған. Бұл – әртүрлі қатерден, пәле-жаладан қорғайды деген сенімнің белгісі. Қыран құсы өлсе, иесі «арулап» таза жерге жерлейді. Сондай-ақ бүркіт – еркіндік, тәуелсіздіктің белгісі. Бүркіт қазақ халқының «төл мақтанышы», күдайдан қазақ халқына «еншілеп берген құсы». Сондықтан қазақ оны қасиеттеп, ән-жырына қосқан (Айтмұқашова, 2007: 56).

Мәтінде кездесетін *көгілдір, құладың, қу* деген құстар жырға арқау болып, поэтикалық образға негіз болған орнитонимдік компоненттер. Жыр мәтініндегі *көгілдір* – аққудың балапанының бір атауы. Ел ішінде «аққудың көгілдіріндей» деген тіркес сақталған. *Құладың* – қар-

шыға тұқымдас жыртқыш әрі жыл құсы. Қу – құстың бұл атауына қатысты екі түрлі нұсқа ел ішінде кеңінен тараған. 1. Аққу құсты кейде «қу» деп те атаған. Иілген ұзын мойынды, ақ қауырсынды, халық киелі санайтын әдемі құс. Жыраулар поэзиясында аққу//қу нұсқалары жарыса қолданылады. 2. Бүркіттің бір түрі қу құс деп те аталады. «Құстардың ішінде жұптасып жүретіні – аққу. Аққулардың бір-біріне беріктігі туралы ел аузында ғасырдан-ғасырға айтылып келе жатқан мифтік аңыздар бар. Бұл құстың бір-біріне сүйіспеншілігі сондай, егер түрлі себептен біреуі өлсе, екіншісі бұл қайғыға шыдап тұра алмайды екен. Жесір қалған аққу көк аспанның сонау биіктігіне самғап, сонда соңғы «әнін» айтып болғаннан кейін жерге қарай оқша зуылдап, тасқа соғылып өледі-міс. Бұл шындық па? Жоқ. Бірақ жұбайынан айырылған құстың «қуу-у... қуу-у... қуу»-лап сол жерден көп уақыт кетпейтіндігі шындық» (Қаирбаева, 2004: 87).

Жыраулар поэзиясында жыртқыш құстардың бейнесі мен қатар өзге де құстар жиі қолданысқа енеді. Жыраулар заманындағы құстар бейнесінің топтамасын мынадай мәтіндерден көруге болады: «*Асқардан биік тау болмас, Басына балапан ұшып қона алмас, Бүркіттен қыран құс болмас, Баулуы жетпей бөрі алмас. Бидайықтан алғыр құс болмас, Бұйырмаса екеу түгіл бірді алмас. Сұңқардан сұлу құс болмас, Қауырсыны қатпай ұша алмас*» // «*Асқар, асқар, асқар тау, Асқар таудың со бүркіт. Білдің аңын шалар ма, Далада сұңқар түлесе, Жүнінен қарға жолар ма*» // «*Оң қанатын теріс соғып, Лашын құс қу ала алмай қалған күн*» // «*Ит жүгіртіп, құс салсаң, Киген тоның түлкі етер*» (Бұқар) // «*Құсты жисаң бүркіт жи, Қыс тоныңды түлкі етер*» (Шалкиіз жырау) // «*Ақиық бүркіт төмендер, Екі қанат талғанда*» (Бұқар жырау) // «*Жалаңқия жерлерден, Жазбай түсіп түлкі алған, Білегі жуан бүркіттің, Тегеуріндей Бөгенбай!*» (Үмбетей жырау) // «*Ақ сұңқар құстың баласы, Ұяда алтау тумас па, Ұяда алтау туганмен, Оның ішінде біреуі-ақ алғыр болмас па!*» (Бұқар жырау) – деген мәтіндерде балапан, бүркіт, қыран құс, бидайық, сұңқар, қарға, лашын, қу секілді құс атауларын қатыстыра келе олардың әрбіреуінің этиологиялық ерекшелігін жырға арқау етеді. Балапан қанаты қатаймай биіктікті бағындыра алмайтындығы, бүркіттің баулуы жетсе, қыс тоныңды түлкі етері, бидайық қанша алғыр құс болғанымен оған да сәттіліктің қажет болатындығы, сұңқарға баптың,

қанаты қайырылса лашынның бағы тайып, қуға түсе алмайтындығы, дидактикалық үлгіде суреттеледі. Жыраулар поэзиясындағы құс атауларының қолданысы негізінен ауыспалы мағынада астарлы ойды жеткізудің ең бір өтімді тәсіле ретінде пайдаланылады. Сонымен қатар жай ғана ауыспалы мағынада емес, символдық мәнде де қолданылатындығын байқауға болады. Мәселен «асқар таудың басына балапанның ұшып шыға алмауы» балапан арқылы бұғанасы бекіп, қабырғасы қатпаған, шикі өкпе баланың болмысы символдық сипат алып суреттелсе, «бүркіттен қыран құстың болмауы» бүркіт кемеліне келген ер азаматтың бейнесін бедерлейді. Бидайық құс алымды да шалымды келетін қарулы жігіттің образының орнына қолданылса, сұңқар мен лашын нағыз ерлік пен өрліктің, батылдық пен батырлықтың символы хас батырға қарата қолданылатын компоненттер саналады. Шығарманың «көркемдік қуатын өсіріп тұрған компоненттер ретінде пейзаж, образ-символ, деталь, ой ағымы. Елес, түс сценалары да реалистік мақсат үшін қолданылады» (Нұрғали, 2005: 290).

Жыраулар поэзиясындағы орнитонимдер туралы толғаулардан этностың дүниетанымындағы құстар рөлінің жоғары екендігін көрсетеді. Мәселен: «*Құладың құстың құлы еді, ...Аққу құс төресі, ...Құладың құды өлтірсе, Өз басыңа келеді!*» // «*Жалаң аяқ балапан, қаздар қайтіп күн көрер!?*» // «*Қаз-үйрегі болмаса, Айдын-шалқар көл гаріп*» // «*Көлде жүрген қоңыр қаз, Қыр қадірін не білсін! Қырда жүрген дуадақ, Су қадірін не білсін!*» (Асан қайғы) – деген жыр-толғауларда «құладың, аққу, балапан, қаз, қаз-үйрек, қаршыға, дуадақ» секілді құс атауларының қатысуы, орнитонимдердің маңызды затдерек екендігін көрсетеді. Мәтін мазмұнына қатысқан құс атаулары тура және ауыспалы мағынада қолданылады. Құс атауларының қолданысы мен образдары бір зат пен екінші затты салыстыру, өзара ұқсату, теңеу, шендестіру арқылы жүзеге асады. Көркем мәтіндердегі орнитонимдік компоненттер арқылы белгілі бір бейнені сомдап, сол арқылы адам бойындағы дербес қасиеттерді көрсету үшін, орнитонимдер поэтикалық образды тілдік құралдарға айналады. Демек, мәтін құрамындағы «компоненттерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеу арқылы тілдік комбинациялар, олардың контекстік тәуелділіктері мен дискурстық қатынастары сөз астарындағы мәдени мәнділіктерді түсінуге ықпал етеді» (Amirbekova, Talgatqyzy, т.б., 2023: 9).

Жыраулар поэзиясында құстардың бейнесі

арқылы адам образын сомдау кеңінен қолданысқа енген. Жыраулар поэзиясында орнитонимдерге қатысты суреттеулер бір-бірінікіне ұқсас, идеялас, тақырыптас болып келеді. Құстардың болмысына тән ерекшеліктерді сөзбен суреттеп, белгілі бір субъектіні сипаттауда, табиғи заңдылықтарды көрсетуде, белгілі бір дәрежеде тыңдарманның көңіл күйіне әсер ету мақсатында, психологиялық паралелді ұғымдарды қатар қолдану коммуникативтік прагматикалық мақсаттан туындайтындығында байқауға болады. Жыраулар поэзиясындағы құс жаманы құладының құны артып, «құс төресі – аққуға» түсуі қоғамдық және табиғи қатынастардың өзгергендігі астарлы ой, салыстырмалы баламалармен суреттеледі. «Жалаң аяқ балапан» шарасыз жанның, дәрменсіз бейнесіне баланса, «қаздар» – көпшілік, қара халық дегеннің баламасы ретінде поэтикалық образға енеді. Ал мәтін мазмұнындағы «Қаз-үйрек айдын-көлімен, дуадық қырымен, қоңыр қаз көлімен» көрікті болатындығы орнитонимдер галериясын көрсету мен дидактикалық сарындағы толғауларға арқау болған.

Жыраулар поэзиясында саятшы құстардан бөлек, зиянсыз құстарда жиі кездеседі. Жер мен көктің, көл менен шөлдің, су менен нудың дәнекері құстардың табиғатына тән ерекшеліктер адамдар назарынан тыс қалған емес. Мәселен жыраулар поэзиясында «Көк көгершін, көгершін, Көкқұтан ұшар жем үшін» (Ақтамберді) – деген жыр жолдарында көгершіннің зиянсыз бейкам болмысы мен көкқұтанның көл тыныштығын бұзатын әрекеті тек құстардың бейнесін ғана емес, құстарға ұқсас адамдар образына да негіз болады. Сондай-ақ, «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек, Бұл үйректен болыңыз, Судан суға шүйгеумен, Көлден көлге қоныңыз. ...Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз» // «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек, Бұрылып ұшар жаз күні. Боз мойынды сұр үйрек, Көлге қонар жаз күні» (Бұқар) – деген мәтінде үйректердің үйелменімен бірге топтанып жүретіндігін этномәдени қауымдастық өкілдері жетік білген. Этностың дүниетанымдық әлемінде құстар галериясын терең білетіндегі поэтикалық көркем мәтіннен орын алғандығынан көрінеді. Орнитонимдік компоненттер арқылы жасалған көркем мәтіндерді тудыруда жыраулар өз тыңдармандарына ойын өткізу үшін, көркемдік әсерлілікті, суреттеп отырған бейнені немесе оқиғаны тыңдармандарының когнитивтік санасындағы бейнені көз алдына келтіру арқылы айтпақ ойын әр алуан тілдік құралдарды поэтикалық контраст пен психологиялық паралелизм

негізінде шебер қолданады.

Жыраулар поэзиясында құстардың болмысына тән әр алуан этиологиялық қасиеті ақиқат өмірдің шынайы тұрмыстық жағдаятын көрсету үшін орнитонимдік компоненттер пайдаланылған. Мәселен, «Арыстандай ақырған – Бөденедей күш бар ма?» (Бұқар) – деген мәтінде бөдененің әлсіз бейнесі арыстанның ақырғанымен де салыстыруға келмейтіндігі, оның үргедек болмысын көрсетеді. «Он екі айда жаз келер, Құс алдында қаз келер» (Бұқар) – дегенде құстардың жыл басы саналуы, жыл құстарының басы қаз екендігі табиғатпен етене жақын этностың мәдени өмірінің метеорологиялық болжампаздық әрекетін көрсетеді. Сондай-ақ «Қараша торғай қаз болмас, Шағала келмей жаз болмас» (Бұқар) – деген мәтінде торғайдың қаздай бола алмайтындығы, шағала жерге күннің қызуы өткенде, көк көтерілгенде, арқаға күннің жылуы жеткенде, нағыз жазбен қатар келетіндігін образды түрде өлеңмен метеорологиялық болжауы этномәдениеттің тілдік ерекшелігін көрсетеді. Жаздың сәні шағала екендігі, шағаласыз жазды елестетудің мүмкін еместігі этноқауымдастық өкілдерінің табиғаттың әр бөлшегінің бүтін болмысын терең меңгергендігін көрсетеді.

Жыраулар поэзиясындағы қоршаған әлеуметтік орта көшпелі өмір салтына құрылғандықтан, табиғат пен оның әр бөлшегімен етене жақындық уақыт пен кеңістіктегі әлем бейнесімен астасып беріледі. Әлем бейнесінің бір фрагменті құстар әлемімен өзара сабақтас екендігін көрсетеді. Осыған сәйкес жыраулар поэзиясында құстардың образын суреттеу өмірдің өзінен алынған образдарға құрылады. Мәселен, «Өз жынысының ішінде, Дауысы ащы тырнаны айт. Тауық жүнді таз тырна, Тақыршақ жерге қонбас па, Таралып жүні қалмас па» (Бұқар) – деген мәтінде құстардың ішіндегі дауысы ерекше құс тырнаныкі екендігі, оның тұрқы мен түгі сөз суретке арқау болған. Жыраулар толғауларындағы орнитонимдік бірліктер құстар туралы этностың танымдық түсінігін толықтыруға бағытталған көркем бейне (мәтін) саналады. Көркем бейне өмір бейнесінің тілдік фигуралар арқылы өңделген поэтикалық нұсқасы. Мәселен: «Жалп-жалп ұшқан жапалық, Аттансаң жазы түзде көрерсің» // «Жалп-жалп еткен жапалақ, Жазыда кімге жолдас болмаған» // «Жапалақ ұшпас жасыл тау, Жақсыларды өзі өлсе де сөзі сау» (Шалкиіз) // «Алғырынан айырылса, Қанат түптен қайырылса, Құс жаманы жапалақ, Оған да қор болмас па» (Бұқар) – деген жыр жолда-

рындағы жапалықтың әрекеті мен жағымсыздау бейнесі бейнелеуіш сөздер арқылы жапалақ образын суреттейді. Жапалақ – «жапалақ тәрізділер түнде тіршілік етуге бейімделген жыртқыш құстар жасағына» жататын жағымсыз кейіпте ассоциацияланатын құстардың бірі (Қайым, Муханов, Сәтімбекұлы, 1998). Этнос мәдениетінде жапалақ жағымсыз құс саналады. Жапалақ туралы суреттеулердің басым бөлігі жапалақтың жағымсыз бейнесіне негізделеді.

Жыраулар поэзиясының жалғасы дәстүрлі сөз өнерінің дәнекершісі жыраулық кезеңнен кейінгі хронотоптың өкілдері ақындар мен салсерілер саналады. Ақындар жыраулық поэзияны дамытушы, алдыңғы толқынның ізін жалғастырушы үлкен шығармашылық иесі, руханият өкілдері. Жыраулар поэзиясында орнитонимдік компоненттердің этномәдени функционалдық қызметі қаншалықты басым болса, ақындар поэзиясында да жаңаша образдық жүк арқалағандығын көруге болады. Жыраулық кезеңнен кейін қазақ поэзиясының алғашқы буындары Шал ақын, Жанак ақын, Есет би, Абыл ақын, Махамбет, Дулат, Шернияз, Шөже, Орынбай, Мәделі, Шортанбай, Сүйінбай, Қашқынбай, Бұдабай, Ақмолла, Нұрым, Біржан сал, Ақан сері секілді көптеген ақындар легінің шығармашылығында орнитонимдік компоненттер түгелге дерлік кездеседі. Сонымен қатар аталған ақындар мен салсерілер туындыларында орнитонимдік компоненттер символдық мәнге ие болып, жаңаша поэтикалық образдар арқылы суреттеліп, әлеуметтік, символдық, символикалық, музыкалық сипаттарға негіз болды. Жоғарыда көрсетілген ақындар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттер рухани кеңістікте кеңінен таралып, филологиялық, музыкалық ортада өзіндік орын алды. Ақындық өнер бастауындағы Естет бидің «Қияннан ұшқан қу ілген, Анық **сұңқар** мен едім» деген портреттік поэтикасы, Абыл ақынның «**Сұңқардан** қыран құс болмас, ...*Жез қанаты қайырылса, **Лашын тырна** іле алмас. ...Қарагай басын жел соқса, **Қаршыға** құс қайғы етер, **Балапаным** өлед деп, Мамығын төккен ұядан. ...Қалыңда жүрген **қасқалдақ**, **Қара құсқа** жем болар, Өртенсе көлдің қозғасы, Қайраңда жатқан нән балық, **Шағала** құсқа жем болар, Су алса көлдің сағасы» деген жыр жолдарында тұтастай құстар әлемінің поэтикалық образды галериясын жасауымен қатар, орнитонимдік фаунаның тыныс-тіршілігін бір ғана мәтінде *сұңқар, лашын, тырна, қаршыға, балапан, қасқалдақ, қара құс, шағала* секілді құстардың әрбіреуінің*

характерін, олардың өзара бір біріне қатынасы мен биосферасындағы қауіп қатерлерді суреттеу арқылы орнитонимдік полотноның жанды бейнесін сомдағандығын көруге болады.

«Жыраулықтың соңы, ақындықтың басы» саналатын Махамбеттің «Қызғыш құсындағы» лашын мен қызғыш компоненттері қазақ поэзиясының антологиясы мен хрестоматиялық оқулықтарындағы негізгі символдық бейнеге айналған орнитонимдік компоненттер. «Ақын тіліндегі жағымсыз образдардың қыран құс атауын танытатын *лашын* зоонимі негізінде берілуі – олардың (жағымсыз бейнелер болса да) *мықты, айбарлы қуш* екендігін мойындауын меңзегендей. Махамбеттің *қызғыш құсқа* айтқан монологы, жалпы *қызғыш құстың* беретін образы арқылы Исатайдан айрылып, қуғынға ұшыраған жалғыздық күйін танытады». Сондай-ақ, ақын поэзиясындағы «*қарақұс, қалықпан, ақсұңқар, құмай, қыран, бүркіт* құс атаулары аса жағымды образдың көрсеткіші болып табылады. Биік, таулы жерді мекендейтін бұл қыран құстардың атаулары – *еркіндікті көксейтін, алғыр, мықты, биік мұрат иесі* бейнелерін сомдайтын өте экспрессивті сөзқолданыстар» саналады (Хабиева, 2007: 74).

Шернияз поэзиясындағы *сұңқар, қара қарға, балапан, бидайық, бүркіт* секілді орнитонимдер жалқы және жалпы ұғымды, мықтылық пен сұлулықтың, батылдық пен қорқақтықтың мазмұнын түсіндіруге қарата қолданылса, Шөже ақында *сұңқар, қарға, қызғыш* құс атауларындағы *сұңқар* – батырлық пен батыллықтың, қарға – қарапайым қаумалаған қалың елдің, қызғыш – көл қорыған жанашырлықтың бейнесін бердерлесе, Орынбай ақында *қарға, бүркіт, сұңқар, қызғыш* құс атаулары ауыспалы мағынада адам бейнесі мен болмысын суреттеу үшін қолданылған. Сондай-ақ Мәделі ақындағы *қаршыға, қырғауыл, қаз, бозторғай, қырғи, қыран шәулі (бүркіттің еркегі)* секілді компоненттер саятшылықтағы құстардың әрекеті мен адамның қарттық кезеңін құстар образымен астастырып суреттесе, Шортанбай ақын өлеңдерінде *қолыңнан қашқан құс, тырнадай қор болмас, тұрытай торғай қуа алмас, қалықтаған сұңқар ем, қиядан қуға түсе алмай* секілді тұрмыстық өмірдің тұрпайы бейнесін суреттеуде орнитонимдерді пайдалану этномәдениетте кеңінен тараған тілдік суреттеулерге жатады.

Әлем бейнесі мен дүниенің әралуан фрагменттерін суреттеуде ақындар орнитонимдік компоненттерді этноқауымдастық өкілдерінің

когнитивтік санасында кедергісіз қабылданатын тілдік образдар арқылы ұтымды қолданады. Жыраулық кезеңнен кейінгі ақындар орнитонимдік компоненттерді тілдік құралдардың көмегімен әдеби образды суреттеулер ретінде өте белсенді пайдаланған. Себебі жыраулардан кейінгі ақындардың шығармашылығында орнитонимдердің қолданыстардың жиілігі активтенген. Мәселен, Алмажан Азаматқызында *бидайық, үйрек, қаз, қу, сұңқар, қаршыға, тотықұс, қарға* атаулары тұтастай бір мәтінде, Сүйінбайда *қыран, жыл құсы* секілді бірліктер, Қашқынбайда *бұлбұл* лексемасы, Бұдабайда *түз құсы* атауы, Ақмоллада *сауысқан, үйрек-қаз, торғай, бұлбұл* атаулары, Нұрымда *аққу, ақсұңқар* секілді компоненттер көркем мәтіннің мазмұнына арқау болып, құстар әлемінің портреті, табиғаттағы құстардың тіршілігі, адам образын ашудағы инструмент ретінде поэтикалық тілдік бояулар үшін кеңінен пайдаланылған.

Ақын-жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттер сал-серілер шығармаларында әсерлі ән мәтіні мен сазды әуенге арқау болып, этнос мәдениетінде кеңінен тарап жалпыхалықтық сипат алған. Біржан сал Қожағұлұлының «Көкек» әні этностың ән өнері мен рухани мәдениетінде кеңінен тараған. Ән мәтініндегі көкек атты құс пен автордың өзара қатынасы, автордың көкекті әнге қосуы, көкек арқылы үшінші бір кейіпкермен коммуникация орнатудың механизмі ретінде қолдануы этнос мәдениетіне тән дәстүрлі хронотоптық жүйе саналады. Этнос мәдениетіндегі құстармен сырласудың, олармен өзара тілдесудің, тіпті құстарға мұңын шағып, базынасын жеткізіп, жәрдем сұрау үрдісі дәстүрлі мәдениеттегі мифтік кезеңнен бастап кейінгі дәуірлер аралығынан үзілмей жеткен этностың когнитивтік санасындағы архетиптік тілдік жадтың жаңғырығы саналады. Этнос мәдениеттегі құстармен тілдесудің абсалютті шегі тіпті олардың жазатайым өлген жағдайда, арулап көміп, өлігін жоқтауға дейінгі әрекеті, рухани моральдық психологиялық күйзелісін ән арқылы шығарғандығы этномәдениеттегі қалыпты құбылыс саналады. Мәселен, Ақан серінің «Қараторғай» атты әні қазақ музыкасындағы классикалық туындылардың бірінен саналады. Өмірде қараторғай дейтін қарапайым құс бар. Алайда шығарма арқауына негіз болған қараторғай қарапайым құс емес, ақынның саят құсы бүркітінің атауы болған. Ақан сері бүркітке қараторғай деген атау беріп, солай атаған. Қыранды қараторғай атауының өзі символдық мәнге

ие болып, этномәдениеттегі табу сөздер іспетті ғұрыптық сипатқа құрылған. Қараторғай ән мәтінінде қыран бүркіттің атауын тура атамай, ауыспалы мағынада жанамалап, астарлап атауы дәстүрлі мәдениеттегі тіл-көзден тасалаудың бір жолы саналады. Мәтін мазмұнында қыранның қартаюы, басынан бағы ұшуы, бір кездегі сән салтанаты мұңды да назды сазды әуенге арқау болған. «Алайда музытану саласында әннің шығу тарихына қатысты көптеген нұсқалар қалыптасқан» (Бекенов, 1997). Бірақ Ақан сері мен қараторғай әні өзара егіз ұғым ретінде прецедентті мәтінге айналған.

Жыраулар поэзиясындағы мәтін түзуші орнитонимдік компоненттер тарихи мәтінде де, қазіргі заманауи мәтіндерде бірдей қызмет атқарады. Көркем мәтіндердегі орнитонимдік тірек элементтер ақиқат әлем мен тұрмыстық жағдаяттарға байланысты белгілі бір мәтіндерде актив қолданысқа ие болады. Жыраулар поэзиясындағы құстар әлемі субъектінің ойды жеткізудегі тілдік механизм ретінде реалды жағдай мен ақиқат дүниеге қатысты автордың дүниелік білімін көрсетеді. Жыраулар поэзиясындағы автор-субъектінің құстар әлеміне деген көзқарасына қарай орнитонимдік компоненттерге этномәдени талдау жасауда этностың мақұлқат әлеміне деген көзқарасын лингвистикалық тұрғыдан көрсету этнографиялық дүниетанымды айқындай түседі. Яғни, ақындар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттердің қолданысы мен этномәдени мазмұнының семантикасын жеке-леген ақындардың шығармашылығы негізінде топтастырып беру арқылы құстар әлемінің тілдік бейнесін көрсетуге болады.

Шал ақын шығармашылығындағы орнитонимдік компоненттердің индивидуалды қолданысы: «*Өтпес пышақ, шабан ат, жаман қатын, Аң алмаған күйшіл құс – бәрі бірдей*» (Тұрмыстық өмірдегі өтпейтін пышақ, мініске жарамайтын шабан ат, үйдің берекесін келтіре алмаған жаман қатын, қанша жаратып баптап күйін келтіргенмен аңға түсе алмаған құсқа теңестірілуі этнос мәдениетінің тұрмыстық өмірінің сүреңсіз бейнесінің, тезауустық түсіндірмесі саналады) // «*Бұл дүниенің мысалы, Ұшып өткен құспен тең, Өмірде көрген жақсылық, Ұйықтап өткен түспен тең*» (Өтпелі өмірді, өмірдегі жақсылық жаманды жағдаяттардың өткіншілін қанатты құстың ұшып өте шыққандағы секілді көшпелі бейнесі философиялық мәнділікке құрылған мәтін) // «*Екінші – құс жетім саятшысы табылмаған*» (Бабын келтіретін, бағын ашатын саят-

шысы болмаса, қанша тегеурінді қыран болса да құс жетім екендігін көрсететін тәмсіл).

Жанақ ақын шығармашылығындағы орнитонимдік компоненттердің мазмұны: *«Торғайға да мен түгіл келмейді әлің»* (Күш-қуаты кеміген адамның дәрменсіз бейнесі суреттелген) // *«Қыран ем ойдан ұшқан құздағы аңға, ...Сұңқар едім бір күнде олат қияқ»* (Қыранның өз бабындағы буырқанған бұла күші бойында тұрған уақыты, сұңқардың құсбегілік кәдеге жарап тұрған айбынды бейнесі образды сипат алған) // *«Қыранның қыран болса, түйғынның мен бірімін, Қиядан аққу ілген мұзды балақ. Ала қанат қыранмын аңды қоймас, Санды шалып, мыңды алса, жемге тоймас. Ала қанат сол қыран қалықтап жүр, Түйғын, аққу көл кезіп бойлай қоймас. Ән шырқап ақын Жанақ, зерлер күймен»* (Қыран мен түйғын паралелді суреттеулерге негіз болып, тегеурінді қос мықтының образы қатар өлең бөп өрілген. Қиядағы қиыннан аққу ілген мұзды балақтың ептілігі мен алдынан кесе көлденең аң өтпеген мықтылығы жыр мәтініне арқау болып, поэтикалық мәтін түзіліміне негіз болған).

Ақын-жыраулар поэзиясының белді өкілі Дулат Бабатайұлының поэзиясында орнитонимдік компоненттер ерекше образдарға арқау болған. Ақынның *«Көл қорыған қызғыштай, Сен десе салам байбалам»* (Ақын суреттеуіндегі қызғыш құстың көл қорыған бейнесі астарлы ойға құрылып, ел мен жерді қорыған жанашыр адам бейнесін түспалды оймен жеткізудегі типтік бейне ретінде ұсынылып, қызғыш құстың жанашыр кейпі этнос мәдениетіндегі жанашырлық, панашылдық, секілді ассоциацияны білдіреді) // *«Қаршығаны қайырма, Қалыңға салса батпас»* (Саятшы құстар отрядының саятшылық әлеуеті туралы этноқауымдастық өкілдерінің орнитонимдік білімін көрсетеді) // *«Ер деп елді бұзғышты, Сұқсыр деп сұмырай қызғышты, Кезқұйрықты лашын деп, Кенеусізді асым деп, Құладынды сұңқар деп, ...Төбетке қарғы таққандай»* (Автор құстардың болмысын суреттеу арқылы адам образы мен әрекетін бейнелеуде ердің елбұзар теріс әрекетін, сұқсыр арқылы көрсетсе, лашынды кезқұйрыққа, сұңқарды құладыңға алмастырған аңдаусыз әрекетін бейнелеу арқылы адам характерін ашу үшін орнитонимдік компоненттерді этносмәдениеттегі сәйкес ұғым-түсініктер арқылы сомдаған) // *«Толғаулы найза қолға алып, Түйғын құстай болғанып»* (Адамның батыл да қаһарлы бейнесін түйғынның тұрқы арқылы адам портретін жасауда ұтымды қолданған) // *«Ақ мамығын жұлдырдың, Құладыңға аққуды*

жем қылдың, Сұлуды қормен тең қылдың...» (Қоғамдық өмірдегі жақсы мен жаманның парқы, ақ пен қараның өлшемі құладың мен аққудың бейнесі арқылы ой таразысына түсіп, этномәдени аксиологиялық өлшемнің стандартын көрсету үшін қолданылады).

Ақын-жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік бірліктер этнос мәдениетіне тән поэтикалық образды суреттеулер арқылы этноқауымдастықтың құстар әлемі туралы дүниелік білімі мен білігін, орнитонимдік түсінігін, зоологиялық таңымның ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттер этномәдени тұрмыстың қажет еткен әлеуметтік ортасына сәйкес, жағдаяттық әрекеттермен ұштастырылып қолданылады. Ақын-жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттер батырлықты дәріптеу, қолбасшысын қолдау, теріс кеткенді тезге салу, тегеуріндінің тепкісінен қорғану секілді жағдаяттарды насихаттау сарынындағы контекстерде қолданылуымен қатар, адам образын сомдау, метерологиялық болжам жасау, өзін өзі бейнелеу, құстар әлемінің галериясын жасау мақсатында тілдік инструмент ретінде пайдаланылады.

Қорытынды

Ақын-жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттердің мәтін құрылымындағы қолданыс жиілігінің хронологиялық кезеңіне сәйкес жаугершілік замандағы батырлықты дәріптеуде қыран құстардың түрлері мен атаулары актив сипатқа еніп, батырлық пен мықтылықтың символы ретінде түспалдау мәнінде басым қолданысқа енеді. Жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттер мәтін құрылымында поэтикалық пәрмен берудің ұтымды тірегі ретінде қолданысқа еніп, эмоционалды-экспрессивтік әсерлілікті қамтамасыз етіп, коннотативтік қуаттылықты күшейтіп, бағалауышты семалар негізінде құстар әлем арқылы адам болмысын тануға, сол арқылы этнос мәдениетін көрсетуде функционалдық қызмет атқарады.

Жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттердің бейнелілік мазмұны басым болып, контекстегі эмоционалды-экспрессивтілік, коннотаттық, бағалауыштық-аксиологиялық категориялар өзара бөлінбес құрылымдар ретінде, этномәдени мәнділікті білдіретін біртұтас кешенді категориялар болып саналады. Көркем мәтіндердегі орнитонимдік компоненттерді лингвистикалық аспектіде зерттеу

қазақ мәдениетінің ерте замандардан бүгінге жалғасқан, құстар әлемі туралы этнос түсінігін, зоологиялық пайымдауларын, метеорологиялық болжамдарын, құстар әлеміне қатынасын, құстарға қатысты этнографиялық дәстүр сабақтастығын жаңаша қарауға өз ықпалын тигізеді.

Ақын-жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттердің мәтін құрамындағы тілдік репрезентациясынан поэтикалық образды мәні басым, көркемдік қызметі жоғары, тақырыптық және компоненттік жағынан семантикалық түрленімі (тура және ауыспалы мағынада, фразеологиялық және синтаксистік шартты мағынада,

метафоралық-метонимиялық мәнде, теңеу және әсірелеу секілді қолданыстарда) жоғары категория саналады. Көркем мәтін құрамындағы орнитонимдер психологиялық және лирикалық-философиялық сарынды жеткізудегі лексикалық единица ғана емес, лингвофилософиялық бірлік саналады. Жыраулар поэзиясындағы орнитонимдік компоненттер дәстүрлі тарихи жалғастықтан тұратын жүйелі сөз қолданыс, дамыған мәтін (идеялық, тақырыптық, символдық, т.б.), мәдени сабақтастық, объективті құбылыстарды танудың көркемдік ойлауға негізделген диалектикасы саналады.

References

- Aimuhambetova, Zh. (2008). Kazakh poeziyasyndagi olennin konceptualdyk-mifopoeticalyk beinesi [Conceptual-mythopoetic image of the poem in Kazakh poetry]. *Turkologiya [Turkology]*. Vol. 5-6, P. 53-62. (in Kazakh)
- Aitmukashova, A.A. (2007). Guryptyk fol'klor leksikasy: idioetnikalyk semantika [Ritual folklore vocabulary: idioethnic semantics]. *Fil. gyl. kand. diss. [Diss. ... on philological sciences]*. Almaty. (in Kazakh)
- Amirbekova, A., Talgatqyzy, G., Kulmanov, S., Sovetova, Z., Biyazykova, A. (2024). Semantic Valence and Cultural Representation of Phraseological Units (Kazakh and English). *Forum for Linguistic Studies*. Vol. 06. Iss. 5, P. 65-82. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i5.6865>
- Amirbekova, A., Talgatqyzy, G., Zhanabekova, A., Kaiyrbekova, U., Balabekov, A. (2023). Effective methods for studying word combinations with regard to semantic parameters. *E3S Web of Conferences* 449. P. 1-12. DOI: 10.1051/e3sconf/202344907004
- Anes, G. (2010). *Matin kenistigi: semantikalık, etimologiyalyk aspekt [Text space: semantic, etymological aspect]*. *fil. gyl. dok... diss. [dissertation ... on philological sciences]*. Almaty. (in Kazakh)
- Bekenov, Zh. (1997). *Karatorgai: Ukili Ybraidyn aninin shygu tarihy [Karatorgai: Ukili Ybraidyn aninin shygu tarihy]*. *Zhuldyz [Star]*. Vol. 2, P. 188-190. (in Kazakh)
- Zhanuarlar, kustar, zhandikter. (2022). *Balalarga arналған танымдық enciklopediya seriyasy [Educational encyclopedia series for children]*. Almaty. (in Kazakh)
- Kovshar', A.F., Kovshar', V.A. (2010). *Kustar. Mektep enciklopediyasy. Kazakhstan zhanuarlar seriyasy [Birds. School encyclopedia. Kazakhstan animals series]*. Almaty. (in Kazakh)
- Kaiym, K., Muhanov, B., Satimbekuly, R., Shaimardankyzy, M. (2018). *Zhanuartanu [Zoology]*. Almaty. (in Kazakh)
- Kairbaeva, K.T. (2004). *Kazakh tilindegi etnomadeni ataulardyn simvoldyk mani [The symbolic meaning of ethnocultural names in the Kazakh language]*. *fil. gyl. kand. diss. [dissertation ... on philological sciences]*. Almaty. (in Kazakh)
- Myrzabek, B.M., Mambetova, M.K. (2023). *Matin lingvistikasy: zhalpy sholu zhane ozekti maseleler [Text linguistics: general overview and current issues]*. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*. Vol. 4 (192), P. 50-60. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph5> (in Kazakh)
- Nurgali, R. (2005). *Soz onerinin estetikasy [Aesthetics of the art of speech]*. Astana. (in Kazakh)
- Omiraliev, K. (2014). *Kazakh til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]*. Almaty. (in Kazakh)
- Potebnya, A.A. (2012). *Mysl' i yazyk [Thought and language]*. Odessa. (in Russian)
- Habieva, A.A. (2007). *Tarihi leksikany mazmundyk kurylymyndagy konnotattyk komponentter (Mahambet shygarmashylygy negizinde) [Connotative components in the content structure of historical vocabulary (based on Makhambet's work)]*. *Fil. gyl. kand. diss [Diss. ... on philological sciences]*. Almaty. (in Kazakh)
- Halym, B., Smagulova, G.N., Baisydyk, I.B. (2024). *Kazakh zhane agylshyn tilderindegi adam minezin sipattaityn zoonim komponentteri bar frazeologizmder [Phraseologisms with zoonym components describing human behavior in Kazakh and English]*. *Tiltanym [Linguistics]*. Vol. 1 (93). P. 69-79. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-69-79> (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Жиренов Саян Аманжолұлы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: Saken82@mail.ru);

Тореханова Сабина Балтисовна – Phd докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: karagulova@mail.ru).

Сведения об авторах:

Жиренов Саян Аманжолович – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (г. Алматы, Казахстан, e-mail: Saken82@mail.ru);

Тореханова Сабина Балпеисқызы – Докторант Phd, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, e-mail: karagulova@mail.ru).

Information about authors:

Zhirenov Sayan. A. – Candidate of philological sciences, associate professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai (Almaty, Kazakhstan, e-mail Saken82@mail.ru);

Torekhanova Sabina Balpeiskyzy – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: karagulova@mail.ru).

Келіп түсті: 23 қаңтар 2025 жыл.

Қабылданды: 10 наурыз 2025 жыл.